

2023-2024 оқу жылы бойынша «Әдебиет әлемі» үйірмесінің талдауы.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Әдебиет әлемі» үйірмесі аптасына 4 рет 156 сағат жүргізіледі. Оқу жылының басында жылдық жоспар жасалып директорға бекітіп, сол тақырыптық жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушылармен жұмыс істеу барысында оқушының қабілетіне қарай сабақта тапсырмаларды орындаудағы ерекшелігі мен алғырлығы, оқу мәнері, ізденімпаздылығын бақылап отырдым. Сабақ барысында оқушылар сабаққа белсене, топпен жұмысты жасай отырып, үйірмеге деген қызығушылықтары артты. Үйірмеде балалар қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қосымша деректер алып отырды. Топпен жұмыс жасай отырып, оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе білуді үйренді. Қосымша тест алып білім деңгейлерін анықтап отырдым.

Жалпы оқушылардың көпшілігі талдау жасауда қатты қиналады. Сондықтан көп уақытымды, оқушыларға сатылай кешенді талдау жасауды үйрете бастадым. Оның ішінде фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық талдау жүйесі. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылындағы әдеби даталар бойынша оқушыларға үнемі мәліметтер беріп отырдым. Атап айтсақ Мағжан Жұмабаевтың 135 жылдығына арналған әдеби кештер өткізілді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары өте жақсы тың материалдарды үнемі үлкен қызығушылықпен тыңдайды. Көбірек білуге ұмтылып тұрады.

Қазан айында Республикалық «Зерде» ғылыми жобасының аудандық кезеңінен Жолдасғалиева Назира Есенгелдіқызы **«Қазақ әдебиетіндегі датқалар бейнесі»** тақырыбында жоба қорғап жүлделі 2-орынды иеленді. Қаңтар айында ұйымдастырылған Республикалық Мағжан оқулары онлайн ұйымдастырылып, Еламанов Арслан 8-сынып оқушысы жүлделі 1-орынды иеленді. Сондай-ақ Мағжан Жұмабайұлының өлеңдерін мәнерлеп оқудан “Мен жастарға сенемін” атты республикалық онлайн байқауынан Еламанов Арслан 1-дәрежелі дипломмен марапатталады.



Аудандық **Мұқағали оқуларына** Жақсылыққызы Альмира мен Жолдасқалиева Назира қатысып, мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқушылар акындардың өлеңдерін жаттап, жазушылардың шығармаларын оқыды. Мектеп оқулығынан тыс көптеген тың деректермен таныса білді. Жалпы оқушылардың деңгейі бірдей болмағандықтан көбіне сабаққа қатыспайтын оқушылар да болды. Жыл соңында үйірмеге жақсы қатысатын, белсенді оқушылар марапатталады.

9-ақпан ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай “Қарасаз кара шалғын өлеңде өстім” атты ақын өлең мәнерлеп оқудан үйірме оқушылары арасында жарыс ұйымдастырылды.



Оқушылардың барлығы белсене қатысып, жеңімпаздар марапатталды.



Оқу жылының атаулы даталары бойынша Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай “Балалар әдебиетінің бәйтерегі” атты жазушыға арналған кеш ұйымдастырылды. Оқушылар “Менің атым Қожа” повесінен көрініс

қойып, жазушыға арнаған өлеңдерді оқыды. Оқушылар видео-роликтер де тамашалап, жазушының өмірі мен шығармашылығынан көптеген мәліметтер алды.



4-сынып оқушыларына арнап “Ұшқыр ой мен шешен тіл” атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділік танытып, үйірмеден алған білімдерін сынады.



Оқушылар жыл бойына үйірмеге белсенді қатысты. Сонымен қатар жыл көлемінде шығармашылық сайыстарды құр жібермейді. Жалпы үйірме жұмысы алдына қойған мақсаттарын бағындырып келеді.

Үйірме жетекшісі: А.Қ Оспанова.